

6D010200 – «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Есполова Гульден Калиолдановнаның **«Жаңартылған білім беру мазмұнында бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастыру»** тақырыбында дайындаған диссертациясы бойынша тағайындалған ресми рецензенттің жазбаша пікірі

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына	Г.К. Есполованың диссертациялық жұмысы ғылымның даму бағыттарына және мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес келеді, себебі, жаңартылған білім мазмұнының негізгі өзегі - оқушы тұлғасының үйлесімді қолайлы білім беру ортасын құра отырып сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу мен қарқынды дамып келе жатқан өзгермелі қоғамда баланы өздігінен ізденуге, өмір сүруге икемді, жеке басының, сондай-ақ қоғам пайдасына қарай өзін-өзі толық жүзеге асыруға дайын білімді, шығармашылыққа бейім, өз бетімен ойлай алатын, құзіретті және бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыру мен дамытуда зерттеуге негізделген оқуды ұйымдастырудың маңызы зор. Бұл, өз кезегінде оқушылардың шығармашылық, зерттеушілік әрекеттерін дамытудың маңызды мәселе екендігін дәлелдейді.

		сәйкес (бағытын көрсету)	
2	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін <u>қосады</u> /қоспайды, ал оның маңыздылығы <u>ашылған</u> /ашылмаған.	Докторанттың диссертациялық жұмысы ғылымға елеулі үлес қосады және оның маңыздылығы жақсы ашылған. Бұл докторанттың отандық және шетелдік әдебиеттерге жүргізген терең талдауымен, сондай-ақ жұмыстың теориялық және практикалық маңыздылығымен расталады.
3	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) <u>жоғары</u> ; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Диссертациялық жұмысты орындауда докторанттың өзі жазу деңгейінің жоғары екендігін қойылған талаптардың орындалуынан байқауға болады.
4	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) <u>негізделген</u> ; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертациялық жұмыстың ішкі бірлік принципінің өзектілігі талапқа сай дайындалған. Тақырыптың өзектілігі, зерттеудің мақсаты мен міндеттері, зерттеу әдістері, ғылыми жаңашылдығы, диссертациялық жұмыстың тұжырымдары мен практикалық маңыздылығы, қорытындылары ішкі бірлікке негізделіп, орындалғанын атап айтуға болады.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) <u>айқындайды</u> ; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды.	Диссертацияның мазмұны диссертация тақырыбын толық айқындайды. Диссертация құрылымы кіріспе, екі бөлімнен, қорытынды және пайдаланылған әдебиеттер тізімі мен қосымшалардан тұрады. Кіріспеде диссертациялық жұмыстың өзектілігі анықталып, ғылыми-зерттеу жұмысының ғылыми аппараты құрылған. Бірінші бөлімде зерттеушілік құзыреттілік мәселесінің теориялық негіздері қарастырылып, еңбектерге талдау жасап, бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік құзыреттіліктерін

		қалыптастырудың ерекшеліктері және құрылымды-мазмұндық моделін ұсынған. Екінші бөлімде оқушылардың зерттеушілік құзыреттіліктерін жаратылыстану пәнінде қалыптастырудың әдістемелік негіздері қарастырылған. Қорытындыда тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың нәтижелері негізінде ғылыми ұсыныстар берген, жалпы тұжырымдар жасаған. Қосымшада диссертациялық жұмысқа енбеген, зерттеу барысында пайдаланылған материалдарды берген.
	4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) <u>сәйкес келеді</u>; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді	Диссертациялық жұмыстың мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді. Зерттеудің мақсаты: жаңартылған білім беру мазмұнында бастауыш сынып оқушыларының жаратылыстану пәнінде зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастыруды ғылыми-теориялық негіздеу және оның әдістемесін ұсыну, тиімділігін эксперименттік жұмыс арқылы дәлелдеу. Зерттеудің негізгі міндеттері: 1. Бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастыруды теориялық тұрғыда негіздеу; 2. Бастауыш сыныптың жаратылыстану пәнінің негізінде оқушылардың оқу-танымдық әрекетінде зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастырудың ерекшеліктерін айқындау; 3. «Зерттеушілік», «құзыреттілік», «зерттеушілік құзыреттілік» ұғымдарын нақтылау;

			4. Бастауыш сынып оқушыларының жаңартылған білім беру мазмұнында зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделін жасау; 5. Жаңартылған білім беру мазмұнында бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастырудың әдістемелік кешенін әзірлеу және тәжірибелік-эксперимент арқылы тиімділігін тексеру.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: 1) <u>толық байланысқан</u>; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жок	Диссертациялық жұмыстың барлық бөлімдері толығымен өзара байланысты және логикалық дәйектілікпен сипатталатын тұтас зерттеуді білдіреді.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) <u>сыни талдау бар</u>; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген.	Бұрын белгілі болған шешімдерді сыни талдау негізінде ізденуші диссертациялық зерттеудің мазмұнын көрсететін өз шешімдерін ұсынған және дәлелдей білген.
5	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа	Диссертациялық жұмыста тұжырымдалған ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа

		болып табыла ма? 1) <u>толығымен жаңа</u>; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады).	болып табылады, себебі: - бірінші нәтиженің ғылыми жаңалығы жаңартылған білім беру мазмұны негізінде бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастыру мәселесін зерттеуде психологиялық, педагогикалық еңбектерге жасалған талдаулар теориялық тұрғыда негізделуі; - екінші нәтиженің жаңалығы «Зерттеушілік», «құзыреттілік», «зерттеушілік құзыреттілік» ұғымдарының мәні нақтыланды; - үшінші нәтиженің жаңалығы бастауыш сынып оқушыларының жаратылыстану пәнінде зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастырудың ерекшеліктерінің қаралуы; - төртінші нәтиженің жаңалығы бастауыш сынып оқушыларының жаратылыстану пәнінде зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделінің жасалып, ғылыми тұрғыда негізделуі; - бесінші нәтиженің жаңалығы жаңартылған білім беру мазмұнында жаратылыстану пәнінде бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастырудың әдістемесі ретінде арнайы зерттеу сабақтарының құрылымы құрастырылып, сабақ үлгісімен берілуі; жаратылыстану оқу пәні бойынша «Жас зерттеуші» арнайы бағдарламасы дайындалып, сабақ үлгісімен берілуі; оқушыларға арналған «Жоба жазып үйренемін» жұмыс дәптері даярланып, тәжірибеден өтуі және жұмыс дәптеріне авторлық куәлік 12.11.2021 ж. №21690 алынуы.
--	--	---	--

		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) <u>толығымен жаңа</u>; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады).	Диссертацияның тұжырымдары толығымен жаңа, зерттеу мақсатына сәйкес қойылған міндеттердің шешімін толық көрсетеді.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) <u>толығымен жаңа</u>; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және толығымен негізделген болып табылады.
6	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	Диссертацияның негізгі қағидалары нәтижелері мен тұжырымдары, қорытындылары 15, оның ішінде: 5 мақала ҚР БЖҒМ Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету Комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда, 2 мақала Scopus халықаралық ақпараттар ресурстарына кіретін журнал жарияланымдарында, 7 мақала ҚР ұйымдастырылған және халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарында жарияланған және 1 «Жоба жазып үйренемін»

			жұмыс дәптері жарық көрген, нәтижесінде ғылыми туындыға 1 авторлық куәлік 2021 жылғы 12 қараша, №21690 иеленгені арқылы дәлелденген.
7	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет: 7.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) <u>дәлелденді</u>; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) <u>жоқ</u> 7.3 Жаңа ма? 1) <u>ия</u>; 2) жоқ 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) <u>кең</u> 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) <u>ия</u>; 2) жоқ	7.1. Барлық негізгі қағидаттар дәлелденген. 7.2. Жоқ. 7.3 Жаңа. 7.4. Қолдану деңгейі кең. 7.5. Ия.
8	Дәйектілік принципі дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдіснаманы тандауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) <u>ия</u>; 2) жоқ 8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы	Әдіснаманы тандауы толығымен негізделген және әдіснама нақты жазылған. Жалпы, Г.К. Есполованың зерттеу нәтижелері оң нәтиже берді, оның сенімділігі математикалық статистика әдістерімен, атап айтқанда тиісті диаграммаларда көрсетілген және Пирсонның

		ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) <u>ия</u> ; 2) жоқ	корреляциялық коэффициентін анықтау формуласын қолдана отырып дәлелденген.
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) <u>ия</u> ; 2) жоқ	Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулер мен дәлелденген. Алынған нәтижелер теориялық және тәжірибелік тұрғыда дәлелденген және расталған.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <u>расталған</u> / ішінара расталған/ расталмаған	Докторант диссертациялық жұмыста мәлімдемелерді өзекті және шынайы ғылыми әдебиеттерге жасалған сілтемелермен растаған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <u>жеткілікті</u> / жеткіліксіз	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті. Барлық 150 пайдаланылған әдебиеттер тізімі берілген, оның арасында Отандық, алыс жақын шетел

			ғалымдарының еңбектері, ғаламтордың сілтеме ақпараттары да бар.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) <u>ия</u> ; 2) жоқ	Ия, диссертацияның теориялық маңыздылығы бар, өйткені докторант «зерттеушілік», «құзыреттілік», «зерттеушілік құзыреттілік» ұғымдары психологиялық-педагогикалық тұрғыда нақтыланған, мәні сипаттап ашылған.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) <u>ия</u> ; 2) жоқ	Зерттеудің практикалық маңыздылығы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары екенін көруімізге болады. Әдістемелік кешені: «Жас зерттеуші» арнайы бағдарламасы мен бастауыштың 2-4 сынып оқушыларына арналған «Жоба жазып үйренемін» жұмыс дәптері құрастырылып, әдістемесі даярланды. Зерттеу нәтижелерін жоғары және орта арнаулы педагогикалық оқу орындарында, жалпы орта білім беретін мектептерде, біліктілікті арттыру орталықтарындағы білім беру үдерісінде пайдалануға болады.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) <u>толығымен жаңа</u> ; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Практикалық ұсыныстар толығымен жаңа.
10	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) <u>жоғары</u> ; 2) орташа; 3) орташадан	Академиялық жазу сапасы талапқа сай, жоғары.

